



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ИДВ РАН, 2008. – С.122-123

9. Ли Син. Об оздоровлении мирового порядка и новом мышлении в китайской дипломатии // Проблемы Дальнего Востока. – 2006. - №3. – С.151-152

10. Най Дж. Гибкая власть: Как добиться успеха в мировой политике / пер. с англ. - Новосибирск; М.: Фонд социопрогностических исследований «Тренды», 2006. – С. 77

11. China, the United States and the future of Central Asia. U.S. – China relations, Volume 1 / edited by David B.H. Denoon. - New York University press, New York and London, 2015, 425 pp. Thomas J. Christensen. The China Challenge: Shaping the Choices of a Rising Power. - 1 edition. - New Jersey: W. W. Norton & Company, 2015. - 400 p.

13. Губайдуллина М.Ш. Две стратегии – один путь: казахстанско–китайские отношения на новом Шелковом пути // «Один пояс – один путь»: Сотрудничество и устойчивое развитие сопредельных государств. – Алматы: Изд-во Қазақ Университеті, 2016 №1, 34 - 44 стр.,

14. Peter Harris. The Imminent U.S. Strategic Adjustment to China, The Chinese Journal of International Politics, 2015, 219-250 pp.

15. Кузык Б.Н., Титаренко М.Л. «Китай-Россия-2050: Стратегия соразвития/ Кузык Б.Н., Титаренко М.Л. – М.: Институт экономических стратегий, 2006. – 656 с.

ӘОЖ 323.22/.28

XX ҒАСЫРДЫҢ 60-70 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КЕҢЕС – ҚЫТАЙ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

Бектұрсынова Назерке Бектасқызы

nazerke_bectursynova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті, Шығыстану
кафедрасының студенті, III-41 тобы, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Т. З. Қайыркен

Кеңес – Қытай қарым-қатынастары қашаннан әлемдік саясаттың басты мәселелерінің бірі болды. Бұл Қытай Халық Республикасы мен Кеңес одағының сыртқы саясатында ғана емес, жалпы халықаралық қатынастар жүйесінде де маңызды орынды алады. Әсіресе, Кеңес – Қытай қатынастары Қытайда революцияның жеңіске жеткенінен кейін ерекше сипатқа ие болды. Кеңестік және қытай халықтарының достығы социалистік интернационализм, теңдік, тәуелсіздік пен егемендікті құрмет тұту, өзгенің ішкі істеріне араласпау, өзара пайда, ортақ мұратқа бірге жету сынды факторлардың негізінде құрыла отырып, дүниежүзілік социалистік жүйеге де өз әсерін тигізді.

XX ғасырдың 60-70 жылдары екі тарап арасындағы жағдайдың нағыз шиеленіскен кезеңімен сипатталады. Кез-келген мемлекет секілді ҚХР да өз тәуелсіздігін алғаннан кейін ішкі және сыртқы саясатты реттеуге күш салды. Осы ретте Мао Цзэ-дун жетекшілік еткен Қытай коммунистік партиясы сыртқы саясаттағы басты назарды Кеңес Одағымен достық қатынасқа аударған болатын. Алайда, субъективті және объективті факторлар кеңес-қытайлық қарым-қатынасқа өз залалын келтірмей қоймады. Қытайдың маоистік үкіметі бұрыннан көкейінде жүрген әлемдік коммунистік қозғалысқа ұлыдержавалық, үстем етуші ойын жүзеге асыруға талаптанды. Сондай-ақ социалистік қағидалардан бас тартып, марксистік-лениндік идеологиялардың орнын маоизм концепциясымен алмастыруға тырысты. Қытайлық үгіт-насихат құралдарында «Мао Цзэ-дун көзқарастарының» мәні туралы жарияланды. Мао және оның жақтаушылары КСРО және басқа да социалистік мемлекеттермен достық байланысты үзуге жағдай жасады.

1960 жыл совет-қытай қарым-қатынастарының дамуында бетбұрысты кезең болды. Жаңа кезеңнің басы ҚКП жетекшілігі күшінің басым болуымен Қытай Халық Республикасына ұлтшылдық бағытты байлады. Бұл бағыттың пайда болуы ҚХР-ның сыртқы

саясатының түпкілікті қайта бағдарлануына, Қытайдың Коммунистік партиясының пролетарлық интернационализм ұстанымынан бас тартып, пекиндік көшбасшылардың Совет Одағы және де басқа социалистік мемлекеттермен достық пен ынтымақтастық қарым-қатынасының үзілуіне, оларға қарсы ашық саяси күрестің өрістеуіне алып келді.

ҚКП жетекшілігінің социалистік мемлекеттің сыртқы саясатының лениндік принципімен үйлеспеуі Қытай Халық Республикасының дамуының ішкі үдерістерінен ажырамайды. Ол Қытайдағы антисоциалистік үрдістің өсуінен компартияға антимарксистік, антилениндік көзқарастардың орнатылуы, пекиндік көшбасшылардың социализмді орнату жолынан бас тартуының тікелей салдарынан пайда болды.

Өз кезегінде Қытайдағы ішкі жағдай сол кезеңдегі волонтаристік «үлкен секіріс» бағыты салдарынан және халықтық коммуналарды орнықтыруды тудырған экономикалық құрылыстың едәуір күйреуіне байланысты таптық күрестің шиеленісуімен айқындалды. Елде социализм ұстанымдары әлсіреді және антисоциалистік күштерге қарсы шабуылға шығуына мүмкіндік ашылды.

Кеңес Одағы Коммунистік партиясы мен Қытай Коммунистік партиясы қатынастарындағы кереғарлық көбіне маңызды мәселелер бойынша туындады.

Соның бірі КСРО мен КОКП-ның Қытайдағы революциялық үдерістің дамуына араласуы, қытайлық коммунистік көшбасшыларды оқытуға әрекеттенгендері мен оларға социалистік дамудың өз кеңестік үлгісін өткізуге талаптанғандары болды. Кеңес Одағы мен Сталиннің көзқарасы бойынша, бұл қадам шынайы әрі қарапайым болғанымен, Мао Цзэ-дун және оның жақтастарының көңілінен шықпады. Социалистік мемлекеттер мен олардың компартиялары арасындағы бауырластық қатынастар кеңестік басшылықтың пайымдауынша теңдік пен өзара сыйластық болған болса, қытай тілінде «бауырластық қатынас» өз мағынасында үлкен және кіші бауырдың арасындағы теңсіздікпен анықталды. КСРО мен ҚХР арасындағы қарым-қатынасты сипаттайтындай...

Алғашқы он жылдықпен салыстырар болсақ, Сталин Мао Цзэ-дунның революциялық теориясы мен тәжірибесіне сенімсіздікпен қарады және кей кездері Чан Кайшиға бәс тігіп отырған. Хрущев «Сталинның Мао Цзэ-дунға ешқашан көңілі толмаған және оны әдетте маргаринді марксист» деп атағандығын айтқан. Сәйкесінше, Мао да барлық мәселелер бойынша Сталинмен ғана емес, Кеңес елдерінде болып жатқан жағдайлармен келіспеді. 1953 жылы И. В. Сталиннің қайтыс болуы социалистік қоғам үшін үлкен соққы болды. Оның беделі даусыз, ал сөзі заңмен тең болатын. Мао Цзэ-дунның Сталинге жеке көзқарасы өзгеше болғанымен, әлемдік пролетариаттың көсемін қадір тұтпауына болмады. КСРО басшылығына Н. С. Хрущевтың келуі мен Кеңес Одағындағы біртіндеп десталинизациялау жолы әдепкіде Пекинде жылы қабылданғанмен, кейін ҚКП Сталинның жеке басына табынушылықты мұқату саясатынан бас тартты. Оның себебі көп болатын, алайда субъективті фактордың да әсері болды. Мао Цзэ-дун Сталиннің өлімінен кейін қарапайым статист рөліне талапталды. Ол әлемнің ең ірі компартиясын басқарды. Бұл жолы ол «кіші бауырдың» рөлін сомдағысы келмеді. Оның ойынша, Хрущев, жас әрі басшылық бойынша тәжірибесі аз болғандықтан, «кіші» лидер саналды.

Алайда, Хрущев, Сталинді сынға алып, тіпті Маомен кеңесуді жөн санаған жоқ. Бұл қытайлық лидердің қытығына тимей қоймады. Одан басқа, Хрущевтың әрекеті Қытайдағы Мао Цзэ-дунның жеке басына табынушылық саясатына қауіп төндірді. Кеңестік басшылықтан айырмашылығы, қытайлық лидер Сталиннің қызметін 70 % оң, 30 % қате пікірмен бағалады.

Мәскеу ядролық қаруды жойып, бейбіт қатар өмір сүруді қолдаса, Пекин революциялық соғыс идеясын алға тартты. Сонымен қатар, Мао Цзэ-дун КСРО-ның 1959 және 1962 жылдары болған қытай-үнді дауына қатысты бейтарап пікірді ұстанғанын кешіре алмады. Мәскеу Пекинді ұстамдылық танытып, Үндістанмен байланыспауына кеңес берді. Алайда, Мао Цзэ-дун Кеңес Одағын соғысты бастауға себепші ретінде айыптады.

Тағы да бір кереғарлықтың бірі социализмді орнатудың кеңестік тәжірибесі болатын. Мәскеу қытайлық тәжірибелерді, әсіресе «үш қызыл ту» (жаңа «сара жол», «үлкен секіріс»

және «халық коммунасы») бағытын сынға алды. Н. Хрущев қытайлық коммунистерге оларда ғылыми коммунизм жоқ, тек ұрандардан ғана тұратындығын мәлімдеді. Сонымен қатар, Хрущевтың Сібірге бір миллион қытайлық жұмысшыларды орналастыру туралы ұсынысы Мао үшін КСРО-ның империялық әрекеттерге қатысын дәлелдейтін қорлау болып саналды. Алайда, Мао Цзэ-дун бұл ұсыныспен келісетіндігін білдіргенде, Хрущев қытайлықтардың «Сібірді соғыссыз жаулап алу» жоспарының іске асып кетуінен қорықты.

1964 жылы Хрущевтың отставкаға кетіп, 1976 жылы Мао Цзэ-дун қайтыс болғаннан кейін, Мәскеу мен Пекин арасында өте сақ қадамдар жасалды. Қытайдың Коммунистік партиясының ашық антикеңестік бағытты ұстануы күтпеген немесе кездейсоқ жағдай емес. Қытай Коммунистік партиясы құрылғалы алғашқы жылдардан бастап екі бағыт – марксист лениндік, интернационалистік және ұсақбуржуазиялық, ұлтшылдық бойынша күрес жүргізіліп келді. «Мәдени төңкеріс» нәтижесінен кейін мемлекет пен партияда билікке ие болған екінші жолды ұстанушылар бұрын іске асыруға мүмкіншілігі болмағандықтан, оңтайлы сәтті пайдалануға кірісті. ҚХР-на антикеңестік бағытты қойып бергендер де осылар еді.

Сонымен 1964 жылы Хрущев отставкаға кеткеннен кейін, Л. И Брежнев билікке келеді. Алайда ол Қытаймен байланыс орнатқысы келмейді. Сол кездегі КСРО министрлер Кеңесінің Төрағасы А. Н. Косыгиннің ықпалымен Чжоу Ын-лаймен келіссөздер жүргізілгенмен, екі ортада келіспеушіліктер туындайды. Билікке М. С. Горбачев келгенге дейін екі тараптан да өзара ымыраластыққа ұмтылуға қадамдар жасалмады. Ұзаққа созылған дау-жанжал шекара мәселесін де айналып өтпеді. Соның мысалы ретінде 1969 жылғы Даманск аралы түбіндегі қарулы қақтығыс, Жалаңашкөл оқиғасын атап өтсек болады.

Үздіксіз антикеңестік әрекеттерді күшейте отырып, пекиндік көшбасшылар 1969 жылы наурызда кеңес – қытайлық шекарада Уссури өзенінің бойы Даманский аралының аумағында қарулы қақтығыс ұйымдастырды.

2 наурызға қараған түні 300 адамнан тұратын арнайы жасақталған қытайлық әскер кеңестік мемлекеттік шекараны бұзып, Даманский аралына қарай өтіп кетеді. 2 наурыз күні таңертең тағы әскер қатарына 30 қарулы сарбаз қосылады. Қытайлық жағалауда алдын ала атыс құралдары, соның ішінде танк ататын қарулардың батареялары, мина атқыштар, гранат атқыштар мен ірі калибрлі пулеметтер қорлары жұмылдырылған болатын.

Кеңестік шекара сақшылары шекара бұзушыларға территорияны босатуларын мәлімдеуге келгенде, қытай сақшылары ешбір ескертусіз кеңестік жауынгерлерге оқ жаудыра бастады. Олармен жарыса аралдағы торуыл мен қытайлық жағалаудан оқ төндірілді.

Ұрыс позициясын қабылдаған кеңестік шекара сақшылары тұтқиылдан келген шекара бұзушыларды қуып шықты. Кейін кеңестік территорияны тексеру кезінде қашқан қытайлық жауынгерлердің тастап кеткен атыс қарулары мен әскери жабдықтарын, далалық типті телефондар, ҚХР территориясына жеткізетін желілік байланыстар, мина стабилизаторы, снарядтар мен гранаталардың сынықтары табылды. Қытайлық билікпен ұйымдастырылған бандиттік шабуыл нәтижесінде 31 кеңестік шекарашы ажал құшып, 14 адам жараланды.

1969 жылы 2 наурызда Кеңес үкіметі ҚХР үкіметіне кеңестік территорияда болған қарулы қақтығысқа өз тарапынан наразылығын білдіріп, арандатушылықты ұйымдастырған тұлғаларды қатаң түрде жазалауын талап ететіндігі туралы нота жіберді. Қытайлық билік бұл мәлімдемені елемейтіндігін білдіріп, керісінше жағдайдың шиеленісуіне жағдай жасады. 1969 жылдың 3 наурызынан бастап арнайы жасақталған топтар Пекиндегі кеңестік елшілікті қоршауға алды.

Тап сол кезде қытайлық билік КСРО шекарасында 1969 жылы 14 – 15 наурызда жүзеге асқан жаңа қарулы қақтығысты дайындау үстінде болатын.

14 наурызда қаруланған қытайлық солдаттар тобы Даманский аралына шабуыл жасау үшін шаралар қолданды. Келесі күні артилериялық және миномет қаруларымен жасақталған ірі қытайлық жасақ аралды қорышы кеңестік шекарашыларға соққы жасады. 1969 жылы 15 наурыздағы Мәлімдемеде Кеңес үкіметі қытайлық арандатушылықты айыптады. Сонымен

бірге «КСРО-ның заңды құқықтарын белден басып, алдағы уақытта кеңестік территорияның дербестігіне қол сұғу әрекеттері болатын жағдайда Кеңес Социалистік Республикалар Одағы және оның халқы табанды түрде қорғайды және қирататын тойтарыс береді» деп көрсетілген. [1]

1969 жылдың 11 сәуірінде КСРО Сыртқы істер министрлігі ҚХР СІМ-не КСРО мен ҚХР үкіметтерінің толық құқықты өкілдері кеңесін жаңартып, оны 1969 жылы 15 сәуірде Мәскеуде немесе қытай жағына тиімді кез келген уақытта өткізуге дайын екендіктері мәлімденген нота жіберді. [2, 434-436 б]

Кеңес-қытайлық шекарадағы қарулы қақтығыстар Даманский аралымен ғана шектеліп қойған жоқ. Сол жылдың жаз мезгілінде Қазақстан жерінде Жоңғар шоқысы аймағын қарауылдаушы Үш –Арал шекаралық жасағына тұтқиылдан арандатушы әрекеттер жасалды. Алайда, қарулы қақтығыстың болуына жеткізбеді.

1969 жылдың 12 тамызында «Родниковая» және «Жалаңашкөл» аймақтарында күзетте тұрған жасак қытайлық әскери топтардың территорияға қарай жылжығандарын байқайды. Бұл туралы Шығыс округтің шекара әскерінің бастығына хабарлағанда, ол Қытай әскерімен кездесіп, жағдайды талқылауды ұсынды. Алайда, бұл ресми қарарға жауап болмады. «Жалаңашкөл» және «Родниковая» бекетінің дербес құрамы жоғары дәрежеде әзірленіп, шекара тәртібін нығайту шаралары қабылданды: бекініс аумағында окоптар қазылып, қауіп төндіретін аумақтарға траншеялар жүйесі мен қатынас жолдары орнатылды; маневрлік топтардың екі БТР қос қапталға тасаланды.

1969 жылы 13 тамызда сағат таңғы бестер шамасында қытайлық әскерилер тоғыз және алты адамнан тұратын екі топпен КСРО Мемлекеттік шекара сызығы «Жалаңашкөл» шекаралық бекінісіне шығады. Жарты сағат өткеннен кейін олар шекараны кесіп өтіп, жетілер шамасында шекара аймағына 400 және 100 м қашықтыққа дейін ойысады. Кеңес тарапынан қойылған талаптарға мән бермей, шекара бұзушылар окоп қазып бекініп алады. Дәл сол уақытта тау жақтағы шекарадан тағы да жүздеген әскер қосылады.

Бір сағат өткен соң, қытай жағы белсенді атысты бастап кетеді. БТР-ге қондырылған ірі калибрлі пулеметпен шекара бұзушыларға қарсы жауап ретінде оқ жаудырады. Ұрыс басталып кетеді.

Бұл қысқа әрі қиян-кескі ұрыста 12 шекара сақшысы, соның ішінде екеуі өліп, тоғызы жараланса, ал Қытай жағы 19 адамынан айырылды. Үшеуі тұтқынға алынды.

«Жалаңашкөл» бекінісінде орын алған қақтығыс Қытай әскерінің алдын-ала дайындалған қарулы арандатушы әрекеттерінің бірі екендігін дәлелдейді. [3]

Екі жақты дау-жанжалдарға «қырғи-қабақ соғыстың» да әсері болды.

70-жылдардың басынан бастап ҚХР-ның ішкі және сыртқы саясатында жаңа кезең басталды. 1970 жылы тамыздың соңы мен қыркүйектің басында өткізілген ҚКП ОК-ның II пленумының тоғызыншы шақырылымы жан-жақты бағытты жүргізудің қажеттілігін көрсетті: «революция жүргізіп, өндірістің дамуына жағдай жасау,... соғыс болатын жағдайда дайындықты үдету шараларын ұйымдастыру».

Барлық күші мен қаражатын зымыран-ядролық қару жасауға жұмсаудың нәтижесінде, сонымен қатар кейбір батыс аумақтарының Пекинге астыртын көмегінің арқасында бұл салада елеулі жетістіктерге жетуге жағдай жасалды. 1970 жылдың сәуірінде алғашқы қытайлық жасанды Жер серігін ұшыру операциясы орындалды. Өнеркәсіптің әскери салаларын айырықша дамыту бағыты отандық өндіріс, ауыл шаруашылығы және жергілікті өнеркәсіп салаларға инвестициялар мен кредиттердің орталықтандырылмауына әкеліп соқтырды, ал олардың қосымша өнімдері әскери бағдарламаға аударылды.

1970 – 1974 жылдары Пекиннің сыртқы саясатының басым бағыттары анықталды. Жалпы оның жолдары келесідегідей ерекшеліктермен сипатталды:

Концепцияның көмегімен «екі ұлы державаның үстемдігіне» қарсы күресте екі жүйенің – социализм мен капитализмнің кереғарлығын бүркемелеу, өзінің озаттығын азаттыққа енді ғана қол жеткізген мемлекеттерге жүргізу, гегемондық мақсатта дамушы және басқа да «кіші және орта» мемлекеттерді пайдалану. Маоистер КСРО мен АҚШ «құлдырап», керісінше

Қытайға «әлемдік лидер» рөлі тағайындалған деген теорияны насихаттай бастады;

Жетекші капиталистік мемлекеттермен қатынасты кеңейту есебінен, ең алдымен антикеңестік негізде әскери- өнеркәсіпті күшейтуді әсіресе, зымыран-ядролық әлеуетін тездету;

Тиімді тәсілдерді пайдалана отырып, социалистік ынтымақтастық, коммунистік және ұлт-азаттық қозғалыстар қатынасында арандатушы әрекеттерді күшейту. Социалистік мемлекеттермен «айнымалы» саясат ұстану арқылы байланыстарын әлсіретіп, керек болса оларды өзара қырқыстырып қою;

Өзінің халықаралық аренада еркін қимылдауына жағдай жасап, барынша халықаралық жағдайларда шиеленіс туғызу, бірінші кезекте КСРО мен АҚШ, КСРО мен Жапония, КСРО мен Батыс Еуропа елдері арасында.

Қытайлық лидерлер «мәдени төңкерістің» нәтижесінде душар болған халықаралық оқшауландудан шығу үшін табанды шешімдер қабылдауға кірісті. Бұл ретте алдымен капиталистік мемлекеттермен ара-қатынасты нығайтуға күш салды. 1970 – 1972 жылдары ҚХР 38 капиталистік мемлекетпен дипломатиялық қатынас орнатты. Қытай Халық Республикасының дүниежүзілік позициясын кеңейту және орнықтыруда маңызды орын алған 1971 жылғы қазандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының XXVI сессиясында Кеңес Одағы ықпал еткен ҚХР-дың құқықтарын қайта қалпына келтіруі болды.

АҚШ президенті Р. Никсонның ҚХР-на 1972 жылғы ақпандағы сапары қытай-ағылшын қатынастарының дамуының ілгерілеуі болды. Бір жылдан кейін екі жақ Пекин мен Вашингтонда көбіне елшілік рөлін атқарған байланыс кеңсесін құру туралы келісім жүргізді. Бұның барлығына себеп болған Пекиннің нағыз антикеңестік бағыты болатын. 1976 жылы қыркүйектегі Мао Цзэ-дунның қайтыс болуына байланысты, елде ҚКП мен ҚХР-ның жаңа үкіметін сайлау тұрғысында мәселелер туындап, соңы ішкі саяси жағдайдың шашарлап, экономикалық дағдарысқа дейін алып келді. [4, 224-228 б]

1978 жылдың ақпаны мен наурызы аралығындағы Бүкілхалықтық өкілдер жиналысында Қытайдың жаңа Конституциясы қабылданды. Қытай Халық Республикасының сыртқы саясатында біршама өзгерістер болды. Мао Цзэ-дун қайтыс болғаннан кейін, Дың Сяо Пин өз жақтастарын жинап, елдегі билікті өз қолына алады. Сонау 60-жылдардан бастау алған екі жақты жанжал 1980 жылға дейін жалғасты.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Правда», 16 марта 1969 г
2. О. Б. Борисов, Б. Т. Колосков, «Советско-китайские отношения» (1945-1970) – Москва, 1971 – 434-436 С
3. «Военная Литература» Военная история [сайт: <https://militera.lib.ru/h/20c2/04.html>]
4. О. Б. Борисов, Б. Т. Колосков, «Советско-Китайское отношения» (1945-1980) – Москва, «Мысль» 1980 224-228 С